## Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 04 сәуірдегі N 283 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Еңбекшіқазақ ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 22 сәуірде N 2-8-175 тіркелді

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару" Заңының 31-бабы 1-тармағының 8-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 19-бабының 3-тармағына, 20 бабының 1-тармағына, 23-бабының 1-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 03 наурыздағы N 1163 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 03 наурыздағы "Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылдың 03 наурыздағы N 1163 Жарлығын іске асыру туралы" N 250 Қаулысы негізінде Еңбекшіқазақ аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, Абай көшесі N 322 және Шелек селосы, Кадыров көшесі N 2 мекен жайындағы шақыру участкесінде "Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданының Қорғаныс Істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі арқылы әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімдерін өткермеген азаматтар 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру бойынша шаралар ұйымдастырылсын және қамтамасыз етсін.

2. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін әскерге шақыру өткізу кезеңіне аудандық шақыру комиссиясы 1-қосымшаға сәйкес құрылсын.

3. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2 және 3-қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

4. "Еңбекшіқазақ ауданының Қорғаныс Істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды Қарулы Күштер қатарына шақыру кезеңінде шақыру участкелеріне шақырылғаны

туралы хабардар етіп және олардың келуін ұйымдастырсын.

5. Еңбекшіқазақ ауданының ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы (келісімі бойынша) әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстауды өз құзыреті шегінде жүзеге асыруды, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштер қатарына шақырылғандарды шақыру және жөнелту кезеңінде шақыру учаскелерінде қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша жұмысты ұйымдастырсын.

6. Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2010 жылдағы 20 сәуірдегі "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарына мерзімді әскери қызметке 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында 1983-1992 жылдары туылған азаматтарды кезекті шақыру туралы" N 315 (аудандық Әділет басқармасында 2010 жылы 6 мамырда N 2-8-143 нөмірімен мемлекеттік тіркеу тізімінде тіркелген, аудандық "Еңбекшіқазақ" газетінің 2010 жылдың 14 маусымдағы N 20 санында жарияланған) қаулының орындалуына байланысты күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау жасау аудан әкімінің бірінші орынбасары Ташполат Жамалұлы Жамаловқа жүктелсін.

8. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* *Ә. Тойбаев*

КЕЛІСІЛГЕН:

*Аудан әкімінің бірінші орынбасары* *Жамалов Ташполат Жамалұлы*

04 сәуір 2011 жыл

*Аудан әкімі аппаратының заң және мемлекеттік-құқықтық бөлімінің бастығы* *Әмірденов Ержан Әмірденұлы*

04 сәуір 2011 жыл

*"Еңбекшіқазақ аудандық Емхананың мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын" директоры /келісімі бойынша/* *Балакойшиев Болат Рысбайұлы*

04 сәуір 2011 жыл

*"Еңбекшіқазақ ауданының ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы /келісімі бойынша/* *Каскаров Бақытжан Айдарханұлы*

04 сәуір 2011 жыл

*"Еңбекшіқазақ ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығы Қазахбаев Төлеген Ермекұлы*

04 сәуір 2011 жыл

Аудан әкімдігінің 2011 жылғы 04 сәуірдегі "Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір–маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 283 қаулысына 1-қосымша

## Аудандық шақыру комиссиясының құрамы:

Казахбаев Төлеген Ермекұлы - комиссия төрағасы, "Еңбекшіқазақ ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы;

Жұмалиев Сейдахмет Сәрсенбекұлы - төраға орынбасары, "Еңбекшіқазақ аудандық білім, дене тәрбиесі және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің сектор меңгерушісі.

## Аудандық шақыру комиссиясының мүшелері:

Саулебаев Мақсат Бақытұлы - "Еңбекшіқазақ ауданының ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары;

Түрікбаев Рысбек Байгүжікұлы - "Еңбекшіқазақ аудандық емханасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын" директорының орынбасары;

Елғондиева Жанылсын Мұсабайқызы - комиссия хатшысы.

Аудан әкімдігінің 2011 жылғы 04 сәуірдегі "Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір–маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 283 қаулысына 2-қосымша

# Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

| Ауыл округтерінің атауы | Шақырылғандар саны | Сәуір | | | | Мамыр | | | | Маусым | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ават | 200 | 50 | 50 | | | | 50 | 50 | | | | | |
| Ақши | 250 | | | | 100 | | 50 | | | | 100 | | |
| Асы | 180 | | 80 | | | 50 | | | | | | | 50 |
| Балтабай | 160 | 50 | 30 | | | | 50 | | | | 30 | | |
| Бәйтерек | 200 | | | | | | | | | | | 100 | |
| Есік қ | 300 | 50 | 150 | | | | 100 | | | | | | |
| Бөлек | 100 | | | | | 50 | | | | | 50 | | |
| Маловодное | 101 | | | | | | | | 50 | | | | |
| Жаңашар | 170 | 70 | | | | 50 | | | | | | 50 | |
| Қазақстан | 185 | | 85 | | | | | | | | 50 | | |
| Қаражота | 114 | | | | | | 64 | | | | | | |
| Қаракемер | 100 | 50 | | | | 50 | | | | | | | |
| Қаратурук | 160 | | 60 | | | | 50 | | | | | | |
| Көктөбе | 170 | | | | | 70 | | | | | 50 | | 50 |
| Қорам | 100 | 50 | | | | | 50 | | | | | | |
| Қырбалтабай | 160 | | | 60 | | | | | 50 | | | | 50 |
| Малыбай | 170 | | | 70 | | | | | 50 | | | | 50 |
| Масақ | 170 | | | 70 | | | | | 50 | | | | 50 |
| Сөгеті | 187 | | | 87 | | | 50 | | | | | | 50 |
| Бартоғай | 160 | 60 | | | | | 50 | | 50 | | | | |
| Рахат | 190 | 90 | | | | | 50 | | 50 | | | | |
| Саймасай | 190 | 90 | | | | | 50 | | 50 | | | | |
| Ташкенсаз | 100 | 50 | | | | | | | 50 | | | | |
| Тескенсу | 190 | | 90 | | 50 | | | | | | 50 | | |
| Түрген | 100 | | 50 | | 50 | | | | | | | | |
| Шелек | 200 | | 100 | | 100 | | | | | | | | |

Аудан әкімдігінің 2011 жылғы 04 сәуірдегі "Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір–маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 283 қаулысына 3-қосымша

# Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

| А у ы л округтері-нің атауы | Шақырыл-ғандар саны | Қазан | | | | Қараша | | | | Желтоқсан | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ават | 200 | 50 | 50 | | | | 50 | 50 | | | | | |
| Ақши | 250 | | | | 100 | | 50 | | | | 100 | | |
| Асы | 180 | | 80 | | | 50 | | | | | | | 50 |
| Балтабай | 160 | 50 | 30 | | | | 50 | | | | 30 | | |
| Бәйтерек | 200 | | | | | | | | | | | 100 | |
| Есик қ | 300 | 50 | 150 | | | | 100 | | | | | | |
| Бөлек | 100 | | | | | 50 | | | | | 50 | | |
| Маловодное | 101 | | | | | | | | 50 | | | | |
| Жаңашар | 170 | 70 | | | | 50 | | | | | | 50 | |
| Қазақстан | 185 | | 85 | | | | | | | | 50 | | |
| Қаражота | 114 | | | 50 | | | 64 | | | | | | |
| Қаракемер | 100 | 50 | | | | 50 | | | | | | | |
| Қаратурук | 160 | | 60 | | | | 50 | | | | | | |
| Көктөбе | 170 | | | | | 70 | | | | | 50 | | 50 |
| Қорам | 100 | 50 | | | | | 50 | | | | | | |
| Қырбалтабай | 160 | | | 60 | | | | | 50 | | | | 50 |
| Малыбай | 170 | | | 70 | | | | | 50 | | | | 50 |
| Масақ | 170 | | | 70 | | | | | 50 | | | | 50 |
| Сөгеті | 187 | | | 87 | | | 50 | | | | | | 50 |
| Бартоғай | 160 | 60 | | | | | 50 | | 50 | | | | |
| Рахат | 190 | 90 | | | | | 50 | | 50 | | | | |
| Саймасай | 190 | 90 | | | | | 50 | | 50 | | | | |
| Ташкенсаз | 100 | 50 | | | | | | | 50 | | | | |
| Тескенсу | 190 | | 90 | | 50 | | | | | | 50 | | |
| Түрген | 100 | | 50 | | 50 | | | | | | | | |
| Шелек | 200 | | 100 | | 100 | | | | | | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК